

ББ тізілімі
7R01111 «Офтальмология (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша резидентура
Оқу мерзімі – 3 жыл

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01111 «Офтальмология (ересектер, балалар)»
2	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
3	Білім облысы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
4	Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
5	Білім беру бағдарламасының тобы	R027 Офтальмология (ересектер, балалар)
6	Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
7	Даярлау бағытының лицензиясы	2019 жылғы 08 қарашадағы KZ87LAA00017356
8	Білім беру бағдарламасының аккредиттеу	-
9	Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі	Жоғары медициналық білім, интернатура куәлігінің болуы
10	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Офтальмология (ересектер, балалар) саласында дербес тәжірибе жүргізуге, сондай-ақ көз аурулары бар амбулаториялық және стационарлық науқастарды емдеуді және оларға медициналық көмек көрсетуді (алдын алу, диагностика, емдеу және медициналық оңалту) ұйымдастыруға қабілетті, сапаның заманауи стандарттарына сай келетін білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
11	Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	Жоқ
12	Серіктес ЖОО	Жоқ
13	Оқу нәтижелері	ОН1 Офтальмологиялық бейіндегі пациенттің шағымдары, анамнезі, жүргізілген клиникалық тексеруі (биомикроскопия, гониоскопия, офтальмоскопия, пахиметрия, визометрия, периметрия, биометрия, кераторефрактометрия және т.б.) және зертханалық-аспаптық зерттеулер нәтижелерін түсіндіру негізінде АХЖ-ға сәйкес клиникалық диагнозды тұжырымдайды. Дәлелді медицина қағидаттарына және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен офтальмологиялық аурулардың клиникалық хаттамаларына сәйкес әрі қарай ем тағайындай отырып, көз ауруларының дифференциалды диагностикасын жүргізеді. Операцияға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді анықтайды, көз алмасы мен оның қосалқы мүшелерінің аурулары бар пациенттерге емдік манипуляциялар мен хирургиялық араласуларды тағайындайды және орындайды, жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалайды. ОН2 Емдеудің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізу үшін пациентпен, оның туыстарымен және медициналық команданың басқа мүшелерімен тиімді өзара іс-қимыл жасайды, оның ішінде пациентпен сенімді әрі әдепті қарым-қатынас орнатады. Пациентпен немесе оның заңды өкілдерімен диагностикалау және емдеу әдістерін таңдауды анық әрі егжей-тегжейлі талқылайды, олардың

		артықшылықтарын, ықтимал қауіптерін, жанама әсерлерін және күтілетін нәтижелерін түсіндіреді. Пациенттің ақпараттандырылған келісімін қамтамасыз етеді, сұрақтарына жауап береді және күмәндерін сейілтеді. ОН3 Офтальмологиядағы диагностикалық және емдік емшараларға байланысты қауіптерді бағалайды және оларды барынша азайту үшін негізделген шешімдер қабылдайды; JCI талаптарына сәйкес пациент қауіпсіздігінің негізгі мақсаттарын қоса алғанда, заманауи қауіпсіздік стандарттары мен хаттамаларын қолданады; таңдалған диагностикалау және емдеу әдістерінің тиімділігін жүйелі түрде мониторингтеу, клиникалық практика стандарттары мен әдеп нормаларын сақтау арқылы медициналық көмектің жоғары сапасын қамтамасыз етеді; аудитке, клиникалық нәтижелерді талдауға және офтальмология саласындағы өзекті ғылыми деректер мен үздік практикалар негізінде жақсартуларды енгізуге қатыса отырып, медициналық қызметтердің сапасын арттыру үдерістеріне белсенді қатысады. ОН4 Қазақстан Республикасында офтальмологиялық қызмет көрсету практикасын реттейтін заңнамалық және әдеп нормаларын сақтай отырып, денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді; медициналық көмектің қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне қатысты нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды біледі және осы білімін практикада қолданады; ұлт денсаулығын нығайту саясатын іске асыруға ықпал етіп, профилактикалық бағдарламалар мен қоғамдық денсаулықты жақсартуға бағытталған іс-шараларға қатыса отырып, кәсіпаралық командаларда тиімді жұмыс істейді. ОН5 Офтальмология саласындағы өзекті мәселелер мен қажеттіліктерге сүйене отырып, ғылыми негізделген зерттеу сұрақтарын тұжырымдайды; заманауи үрдістер мен ғылыми жетістіктерді ескере отырып, практикалық міндеттерді шешуге бағытталған зерттеу гипотезалары мен әдістерін әзірлейді; кәсіби әдебиетті сыни бағалайды, үздік әлемдік практикаларды күнделікті клиникалық қызметіне енгізу үшін PubMed, Scopus және басқа халықаралық дерекқорлардағы мәліметтерді талдайды және түсіндіреді; деректерді жинау мен талдауға, сондай-ақ офтальмологияны дамытуға және медициналық көмектің сапасын жақсартуға бағытталған ғылыми жобаларды әзірлеу мен енгізуге үлес қоса отырып, зерттеу тобының жұмысына белсенді қатысады. ОН6 Өздігінен білім алуға қабілетті, өз мамандығындағы заманауи жетістіктер мен инновацияларға бағдарлана отырып, офтальмология саласындағы жаңа білім мен дағдыларды тиімді меңгереді; біліктілігін тұрақты арттыру үшін ғылыми жарияланымдарды, онлайн-курстарды және кәсіби желілерді қоса алғанда, әртүрлі ақпарат көздерін белсенді пайдаланады; білімі мен тәжірибесімен бөлісіп, оқу іс-шараларын ұйымдастырып және әріптестерінің кәсіби өсуін қолдай отырып, кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытады; тәжірибе алмасуға және үздік практикаларды
--	--	---

		клиникалық қызметке енгізуге ықпал ете отырып, ғылыми пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне қатысады. ОН7 Жіті жағдайларда медициналық көмек көрсетеді (мысалы, глаукоманың жедел ұстамасын, жедел офтальмогипертензияны және т.б. тоқтату), төтенше жағдайларда базалық медициналық көмек көрсетеді, BLS (Basic Life Support) дағдыларын меңгерген, анафилаксиялық шок және тыныс алу тоқтаған кезде көмек көрсетеді.
14	Оқыту түрі	күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
16	Кредиттер көлемі	210
17	Бағдарламаны іске асыру мерзімі	3 жыл
18	Біліктілігі	Ересектердің, балалардың офтальмолог -дәрігері
19	Маман лауазымдарының тізбесі	Ересектердің, балалардың офтальмолог -дәрігері
20	Кәсіби қызмет саласы	Көздің, оның қосалқы аппаратының және орбитаның аурулары/күйлері, медициналық оңалту, медициналық қуәландыру, медициналық сараптама
21	Кәсіби қызмет объектісі	Офтальмологиялық аурулары бар пациенттер

Пәндер туралы мәліметтер:

Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компо нент	Кре дит	Оқу жылы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері						
						ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7
Бейіндеуші пәндер												
Міндетті компонент		БП	МК	200								
Амбулатори ялық- емханалық офтальмолог ия	Пән ауруханаға дейінгі кезеңде офтальмологиялық көмекті ұйымдастыру, диагностикалау және көрсету қағидаттарын, сондай-ақ офтальмологиялық аурулардың алдын алу әдістерін қамтиды. Резиденттер көру функцияларын, көздің алдыңғы және артқы сегменттерінің жағдайын, оның ішінде оптикалық когерентті томография мен көздің ультрадыбыстық зерттеуін пайдалана отырып бағалаудан тұратын диагностиканы меңгереді. Сонымен қатар көздің алдыңғы және артқы сегменттерінің қабыну және дегенеративті ауруларын емдеу, офтальмологиялық пациенттерді диспансерлік бақылау және хирургиялық емдеуге жолдау қағидаттары бойынша білім мен дағдыларды игереді.	БП	МК	16	1-3	+	+	+	+	+	+	+
Стационарда ғы офтальмолог ия	Пән стационар жағдайында офтальмологиялық көмекті диагностикалау және көрсету қағидаттарын зерделеуге бағытталған. Резиденттер операция алдындағы даярлықты, хирургиялық емдеу әдістеріне көрсетілімдерді, пациенттерді операциядан кейінгі жүргізуді, асқынұлардың алдын алуды,	БП	МК	112	1-3	+	+	+	+	+	+	+

	оңалтуды және мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсету кезіндегі пәнаралық өзара іс-қимылды меңгереді.											
Микрохирургия	Көру ағзасының ауруларын (катаракта, глаукома, торқабық пен шыны тәрізді дене патологиясы) және көздің қосалқы аппараты ауруларын емдеудің заманауи микрохирургиялық технологияларын меңгеруге арналған клиникалық офтальмология бөлімі. Резиденттер микрохирургиялық әдістердің қағидаттарымен, асқынулардың алдын алумен және офтальмологиялық пациенттерді операциядан кейінгі жүргізумен танысады.	БП	МК	26	2-3	+	+	+				
Таңдау бойынша Компонент		БП	ТК	8	3							
Глаукоманы диагностика лау және емдеу	Пән глаукоманың әртүрлі түрлерін диагностикалау мен емдеудің негізгі қағидаттарын қамтиды: дәрі-дәрмектік, лазерлік және хирургиялық емдеу. Резиденттер диспансерлік бақылау қағидаттарын, глаукома катарактамен және көздің басқа ауруларымен қатар жүрген кездегі пациенттерді жүргізу тактикасын, сондай-ақ офтальмогипертензиясы және глаукомаға күдігі бар пациенттерді жүргізу тактикасын зерделейді.	БП	ТК	8	3	+	+	+				+
Лазерлік көз хирургиялық операциялары	Көздің әртүрлі ауруларын (глаукома, торқабық патологиясы және т.б.) емдеуде лазерлік технологияларды қолдану қағидаттарын зерделеуге арналған клиникалық офтальмология бөлімі. Резиденттер пациенттерді іріктеуді, әсер ету параметрлерін таңдауды, лазерлік араласуларды орындауды, асқынулардың алдын алу мен оларды жүргізуді, сондай-ақ емдеудің клиникалық және функционалдық нәтижелерін бағалауды меңгереді.	БП	ТК	8	3	+	+	+				
Аралық аттестаттау		АА			1-3							
Қорытынды аттестаттау		ҚА		2	3							
Барлығы				210								